

24-18/82 30.06.2025



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Сейтжанова Ж.
2025 ж.

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ
РЕЗИДЕНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Е 290-2025

Күні	Көшірмесі	Басылым
		Төртінші

Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 2 беті

1 «ОҚМА» АҚ Резидентура деканаты ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ

2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңесінің шешімімен КЕЛІСІЛДІ

Тексеру кезеңділігі – 3 жыл

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		E 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1.	Нормативтік сілтемелер.....	4
2.	Терминдер, анықтамалар, белгілер, қысқартулар	4
3.	Жалпы ережелер	4
4.	Үрдіс сипаттамасы	5
4.1.	Резидентураға оқуға қабылдау тәртібі.....	5
4.2.	Резидентурада түсу емтихандарын өткізу тәртібі	8
4.3.	Апелляциялық комиссиялар жұмысы	9
4.4.	Резидентураға қабылдау	11
4.5.	Қайта бөлінген игерілмеген орындарға конкурс өткізу	12
	Қосымшалар	14

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 4 беті

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік ұйымдастыру-өкімдік құжаттарын, «ОҚМА» АҚ қоғамның жарғысын, ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

ISO 9000:2015	Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.
ISO 9001:2015	Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.
СБ 001-2024	Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы.
СТ 002-2024	Ішкі нормативті құжаттарды басқару.
СТ 004-2024	Қызметтік құжаттарды басқару.
СТ 007-2024	Жазбаларды басқару.
СТ 008-2024	Сапа саласындағы тәуекелдерді басқару.
СТ 010-2024	Басшылық тарапынан талдау.
СТ 020-2024	Ішкі аудит.
СТ 023-2024	Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде мынадай терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады:

«ОҚМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,
ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі,
ҚР БҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі,
ЖОО	- Жоғары оқу орны,
ҰТЕО	- Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы резидентураға қабылдау қағидалары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрықтарына «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 5 беті

бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсанындағы № ҚР ДСМ-270/2020 «Резидентурада медициналық кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырысты орналастыру ережесіне» сәйкес әзірленді.

3.2. Осы ережелер резидентураға қабылдауды және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

3.3. Резидентураға үміткерлерді қабылдау кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3.4. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы құрылады. ЖОО басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға, қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы мен функциялары жоо ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Резидентураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

- түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының таңдалған тобының мәселелері бойынша кеңес береді, түсу емтиханының рәсімімен таныстырады;
- оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастырады;
- білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханының өткізілуін ұйымдастырады.

4. ҮРДІС СИПАТТАМАСЫ

4.1. Резидентураға оқуға қабылдау тәртібі

4.1.1. ОҚМА резидентурасының білім беру бағдарламаларына қабылдау бөлу өңірлері немесе жергілікті бюджет бөлінісінде республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру қаражатын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Үміткерлерді резидентураға қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4.1.2. Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқу үшін ОҚМА резидентурасына қабылданатын үміткерлердің саны ҚР ДСМ және денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органдар жыл сайын орналастыратын мемлекеттік білім беру тапсырысы шегінде айқындалады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 6 беті

4.1.3. ОҚМА резидентурасына адамдарды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4.1.4. Шетел азаматтарын резидентураға оқуға қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4.1.5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында білімі туралы құжаттары танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін тану қағидаларына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

4.1.6. Құжаттарды қабылдау және ОҚМА-ға түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы, резидентураның білім беру бағдарламалары бойынша емтихан комиссиялары және апелляциялық комиссиялар құрылады. Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы мен функцияларын ректор приказы немесе оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

4.1.7. Резидентураға түсетін өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 3-25 шілдесі аралығында жүзеге асырылады. Түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 8-16 ав-густа өткізіледі. Қабылдау-күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін.

4.1.8. ЖОО қабылдау тәртібін, нысанын, емтихан өткізу бағдарламасын және (немесе) дайындық мамандықтарының ерекшеліктерін ескере отырып, оқуға түсушілер үшін 75 балдан төмен емес өту балын айқындайды.

4.1.9. Резидентураға «дәрігер» біліктілігін көрсететін құжаты бар жоғары білімнің және интернатураның (базалық жоғары медициналық білімнің және ҚР азаматтары үшін интернатураның болуы) білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдар қабылданады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 7 беті

4.1.10. Шет елдердің медициналық жоғары оқу орындарының түлектері, «дәрігер» біліктілігі бар ҚР азаматтары ҚР резидентурасына интернатурасыз түсе алады (ҚР Білім туралы құжаттары міндетті түрде танылған жағдайда).

4.1.11. Күнтізбелік жылдың 3-25 шілдесі аралығында қабылдау комиссиясы түсу емтиханына қатысу үшін резидентураға түсетін құжаттарды қабылдайды:

- ОҚМА АҚ ректорының атына резидентураға түсу конкурсына қатысу туралы өтініш (А қосымшасы);
- жоғары білім туралы құжаттар (түпнұсқасы және көшірмесі): бакалавриатты бітіргені туралы диплом және транскрипт; интернатураны бітіргені туралы диплом және транскрипт (транскрипте GPA болмаған жағдайда, үміткер өзі оқыған білім беру ұйымының қолы мен мөрі бар интернатураға есептелген GPA ұсынады); интернатураға транскрипт болмаған кезде интернатураның қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижесімен және жоо жетекшісінің қолы мен мөрі қойылған интернатураға GPA үзіндісін ұсыну қажет;
- интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі (нотариалды куәландырылған);
- денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының көшірмесі;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- еңбек кітапшасының көшірмесі (еңбек өтілі болған жағдайда);
- 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
- ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдарда (олар болған жағдайда);
- ғылыми эзирлемелер туралы куәліктер (олар болған жағдайда);
- ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар (олар болған жағдайда);
- ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар және (немесе) дипломдар (болған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған кезде қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Құжаттарды қабылдау комиссиясына осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге түсушінің қатысуымен жүргізілетін салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады, құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады. Құжаттарды ақпараттық жүйе арқылы тапсырған оқуға түсуші оқуға қабылдау туралы бұйрықты шығарар алдында жоғары білімі туралы құжаттың түпнұсқасын қабылдау комиссиясына тапсырады.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		E 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 8 беті

Барлық құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырғаннан кейін үміткердің сауалнамасы толтырылады (В қосымшасы).

4.2. Резидентурада түсу емтихандарын өткізу тәртібі

4.2.1. Резидентураға түсу емтихандары 8-16 тамыз аралығында өткізіледі. Резидентураға түсетін адамдар мамандық бейіні бойынша түсу емтиханын тапсырады.

4.2.2. Резидентураға қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады, оған 100 балдық бағалау шкаласы бойынша бағаланатын кезеңдер кіреді.

4.2.3. Резидентура мамандығының бейіні бойынша түсу емтиханы компьютерлік тестілеу нысанында өткізіледі.

4.2.4. Резидентураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссияларын құру. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құру іске қосылады.

Емтихан комиссиясының құрамына медицина ғылымдарының докторы және (немесе) медицина ғылымдарының кандидаты және (немесе) PhD ғылыми дәрежесі бар оқытушылар, мамандығы бойынша жоғары және (немесе) бірінші біліктілік санаты бар кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар практикалық дәрігерлер кіреді. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Емтихан комиссиясының төрағасы ректордың немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

4.2.5. Түсу емтихандарының тест тапсырмалары игерілген жоғары білім ББ және таңдалған ББ бойынша кәсіби құзыреттіліктерді бағалауға бағытталған.

4.2.6. Резидентураға түсушілер 100 балдық бағалау шкаласы бойынша бағаланатын келесі бөлімдерді қамтитын білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша түсу емтиханын тапсырады, мұнда:

Бөлім	Пайыз
Интернатурада оқу кезеңінде GPA	15%
Интернатураның қорытынды аттестаттауын (ҚА) бағалау	15%
Білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханының (ТЕ) нәтижелері	70%

Түсу емтихандарының нәтижесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{ТЕ нәтижесі} = \frac{GPA * 15}{4} + \frac{ҚМА * 15}{100} + \frac{КТ бағасы * 70}{100}$$

оның ішінде:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 9 беті

- 15% интернатурада оқу кезеңінде GPA құрайды;
- 15% қорытынды аттестаттаудың орташа балы (екі кезең: ҰТЕО өткізетін тәуелсіз тестілеу + практикалық дағдылар).

- 70% - бакалавриат және интернатура бағдарламалары бойынша компьютерлік тестілеу түріндегі түсу емтиханы (шекті деңгей 60 балл).

4.2.7. Білім беру бағдарламалары бойынша түсу емтихандарының нәтижелері Комиссия төрағасы қол қоятын қорытынды ведомостпен ресімделеді.

4.2.8. Резидентураға түсу емтихандары конкурсының нәтижелері үміткерге емтиханнан кейін бірден жарияланады. Хаттамамен ресімделеді және емтихан комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.2.9. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда резидентураға қабылдау кезінде дәрігерлік өтілі бар тұлғалар басым құқыққа ие болады. Содан кейін білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі:

- ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдарда;
- ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер;
- ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар;
- ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар және (немесе) дипломдар.

4.2.10. Қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін түсу емтихандары бейнетіркеу астында өткізіледі.

4.2.11. Тестілеу нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

4.2.12. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.2.13. Резидентураға ақылы негізде түскен, түсу емтихандарының нәтижелері бойынша кемінде 75 балл жинаған адамдар қосымша мемлекеттік білім беру гранттарына үміткер болуға құқылы.

4.2.14. Мемлекеттік білім беру гранттарын беру бойынша Конкурс өтініште оқуға түсушілер көрсеткен негізгі мамандық бойынша өткізіледі.

4.3. Апелляциялық комиссиялар жұмысы

4.3.1. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау және Даулы мәселелерді шешу үшін апелляциялық комиссия құрылады.

4.3.2. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі. Апелляциялық комиссияның құрамына медицина ғылымдарының докторы және (немесе) медицина ғылымдарының кандидаты және (немесе) PhD ғылыми дәрежесі бар оқытушылар, мамандығы бойынша жоғары және (немесе) бірінші біліктілік санаты бар және емтихан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 10 беті

комиссиясының құрамына кірмейтін кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар практикалық дәрігерлер кіреді.

4.3.3. Апелляциялық комиссия резидентураға түсетін тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептері бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Апелляциялық комиссия мамандықтар бойынша түсу емтиханының нәтижелеріне шағымданатын адамға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

Апелляция келесі жағдайларда қаралады:

- тест тапсырмаларының мазмұны бойынша: егер дұрыс жауаптың негіздемесімен келіспесе; дұрыс жауап жоқ; ұсынылған барлық жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдай отырып, тест тапсырмаларында біреуден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі); дұрыс құрастырылмаған тест тапсырмасы.

- техникалық себептерге байланысты: тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің болмауы, сондай-ақ компьютерлік бағдарламадағы ақаулар.

Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция берген кезде үміткер дәлелді негіздеме (толық түсініктеме) алады. Барлық тест тапсырмаларын қайта қарау бойынша апелляцияға өтініштер дәлелді негізді көрсетпей (толық түсіндірме, тапсырмаларды кезең-кезеңмен шешу) әрбір тапсырма бойынша қарауға жатпайды.

4.3.4. Тест тапсырмасының нөмірі мен себебін көрсете отырып, апелляцияға арналған өтінішті (В қосымшасы) резидентураға түсуші тұлға келесі күні сағат 13.00-ге дейін компьютерлік те-леу нысанында түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін апелляциялық комиссия төрағасының атына береді және өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде апелляциялық комиссия қарайды. Апелляцияға өтініштерді хатшы қабылдайды және апелляциялық журналға тіркейді.

Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

4.3.5. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

4.3.6. Апелляциялық комиссияның шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы апелляциялық комиссияның шешімін төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамада көрсетеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 11 беті

4.4. Резидентураға қабылдау

4.4.1. Резидентураға қабылдау ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен күнтізбелік күннің 28 тамызына дейін жүргізіледі.

4.4.2. Адамдарды резидентураға ақылы негізде қабылдау білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша жүзеге асырылады және ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған.

4.4.3. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсу емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған, бірақ кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

4.4.4. Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурс бойынша өткен үміткерлер (тұлғалар), сондай-ақ ақылы негізде оқуға ниет білдірген үміткерлер (тұлғалар) қабылдау комиссиясына 19 тамыздан 27 тамызға дейін береді:

1) оқуға түсуге өтініш «ОҚМА» АҚ ұйымы басшысының атына беріледі (с қосымшасы);

2) резидентураның білім беру бағдарламасы бойынша оқыту туралы шарт;

3) оқу ақысы туралы түбіртектер (шарттық негізде түсетіндер);

4) 20 таңбалы шоттың болуы туралы анықтама (мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар үшін).

4.4.5. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде резидентураға оқуға түскен азаматтар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, міндетінен босату немесе тоқтату қағидаларын бекіту, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасы азаматтарының өтеу жөніндегі міндеттері туралы» бұйрығына сәйкес пысықтайды.

4.4.6. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар резидентураға, оның ішінде нысаналы орындар күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегінен кешіктірмей мамандықтар бөлінісінде білім беру ұйымдары арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде уәкілетті органдарға қайтарылады.

4.4.7. Қабылдау комиссиясы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға 10 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша резидентураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 12 беті

4.5. Қайта бөлінген игерілмеген орындарға конкурс өткізу

4.5.1. Қайта бөлінген игерілмеген орындарға арналған конкурсқа тиісті білім беру бағдарламасы бойынша ОҚМА емтихан комиссиясы өткізген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша кемінде 75 балл жинаған үміткерлер қатысуға құқылы.

4.5.2. Конкурсқа мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын үміткерлер қатыса алмайды.

4.5.3. Қайта бөлінген игерілмеген орындарға арналған конкурсқа қатысу үшін үміткерлер жарияланған мерзімде 4.1.11-тармақта көрсетілген құжаттардың негізгі тізбесіне береді. осы Ереженің мәлімдемесі.

4.5.4. Конкурс уәкілетті органның қайта бөлінген игерілмеген орындарды бекіту туралы бұйрығын ресми алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 13 беті

Әзірленген:

Қызметі	Т.А.Ә.
Резидентура деканы	Бектенова Г. Е.

Тексерілген:

Қызметі	Т.А.Ә.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.Ә.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Қызметі	Т.А.Ә.
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.Қ.

Үміткердің қолы _____

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		E 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 15 беті

В ҚОСЫМШАСЫ

Үміткер сауалнамасы

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты (болған жағдайда)	
Туылған күні, айы, жылы	
Үміткердің ұялы телефоны	
Отбасы мүшелерінің ұялы телефоны	
E-mail	
Тұрғылықты жері:	
• нақты мекен-жайы	
• тіркелген жері	
ЖОО атауы (интернатура)	
Жоғары оқу орнын бітірген жылы (интернатура)	
Оқытуды қаржыландыру көзі (интернатура)	
Жұмыс тәжірибесінің болуы (жыл саны мен мамандығын көрсету)	
Таңдау мамандығы	
Ағылшын тілін білу деңгейі	
Түрік тілін білу деңгейі	
Міндеттеме жұмыс туралы ақпарат (егер міндеттеме жұмыс көзделген жағдайда) – қажеттісін белгілеу	
- орындалып жатыр	
- орындалды	
- босатылған	
Оқуды жоспарлайды	
- республикалық бюджет қаражаты есебінен (мемлекет гранты)	
- жергілікті бюджет қаражаты есебінен (жергілікті атқарушы органдардың гранты)	
- медициналық ұйымның есебінен	
- өз қаражаты есебінен	

Ескерту: «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» АҚ сайтында түсу емтихандарының кестесімен танысқаны туралы хабардар етілді.

Күні: _____
Қолы: _____

(T. A. Θ .)

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Резидентура деканаты		Е 290-2025
«ОҚМА» АҚ резидентураға қабылдау ережесі		4-ші басылым 12 беттің 17 беті

Д ҚОСЫМШАСЫ

**«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С. Сейтжановаға**

(толық тегі, аты-жөні
(бар болған жағдайда))

Жеке сәйкестендіру нөмірі

азаматтығы

тұрғылықты мекенжайы

байланыс деректері
(телефон, электрондық пошта)

бітірген
(ұйымның толық атауы,
бітірген жылы)

ӨТІНІШ

Мені _____

(ұйымның толық атауы)

резиденттер қатарына

" _____ "

(резидентураның білім беру бағдарламасының коды және атауы)

резидентураның білім беру бағдарламасына күндізгі оқу нысанына, қаржыландыру нысаны:

_____,

(керегін жазыңыз: тапсырыс берушіні көрсете отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысы (Республикалық бюджет)/ мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет) / медициналық ұйымдардың қаражаты есебінен / шарттық негізде) оқыту тілі: _____

(керегін жазыңыз: қазақ, орыс, ағылшын) оқуға қабылдауымды сұраймын.

Топты _____ тілде толық жинақтамаған жағдайда _____ тілде оқуға келісемін.

Мен жатақханаға мұқтажбын, мұқтаж емеспін (керегінің астын сызу керек).

* Мен бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша резидентурада оқымағанымға кепілдік беремін.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

20__ жылғы "___" _____

Үміткердің қолы _____